

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”



«Тіл оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты I
Көктемгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2025 ж. 4 сәуір

«Иновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики»
Материалы I Весенней Международной научно-практической онлайн конференции
4 апреля 2025 г.

“Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”
Proceedings of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference
April 4, 2025

Астана, 2025 ж.

УДК 80/81
ББК 81.2
B18

Chief Editor: Perizat Zh. Balkhimbekova – Head of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”, PhD, assistant professor

Editorial Board:

Dina K. Kurmanayeva – PhD, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Ainagul M. Mukhtarkanova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Madina Zh. Tussupbekova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Assem M. Kysyrova – candidate of philological sciences, assistant professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Aigul K. Sadykova – PhD, a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Saltanat K. Mukanova – a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

I Spring International Scientific and Practical Online Conference “INNOVATIVE APPROACHES OF LANGUAGE TEACHING: BRIDGING THEORY AND PRACTICE”: Proceedings of the online conference (Astana, April, 2025). – Astana: NJSC “The L.N. Gumilyov ENU”, 2025. – 220p.

The proceedings of the annual conference include scientific articles of participants of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”, which was held at the Foreign Languages Department on April 4, 2025 in an online format. Materials in these proceedings can be of interest to young and experienced researchers, university and school teachers, different level students who are involved in pursuing research into modern approaches to developing foreign language skills; competence-based modeling in foreign language teaching; interaction of multicultural communication, linguistics, translation with foreign language teaching; the use of information technologies in foreign language teaching.

Authors are fully responsible for the content of their scientific articles and the truthfulness of the facts indicated.

ISBN 978-601-385-060-3

Table of Contents

SECTION 1

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ

ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ

TECHNOLOGY-ENHANCED LANGUAGE LEARNING

THE FUTURE OF HIGHER EDUCATION

Ali Güneş..... 8-11

TEACHING LITERATURE IN THE DIGITAL AGE: TOOLS FOR ENGAGING LANGUAGE LEARNERS

Asım AYDIN..... 11-16

DOES AI HAVE EMOTIONS? EXPLORING THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DESIGNING SYLLABUS FOR SHORT STORY LITERATURE CLASSES

Mustafa CANLI..... 16-21

DECODING SOCIETAL TRENDS THROUGH SOCIAL TEXTS: A TRANSLATION-BASED FRAMEWORK FOR ENHANCING LINGUISTIC COMPETENCE AND INTERCULTURAL AWARENESS IN ELT

ÖZDEMİR. Ö..... 21-29

ПОДГОТОВКА ЛИНГВИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

Владимирова С.В...... 30-34

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННЫЙ АСПЕКТ

Кочконбаева С. И., Сулайманжанова Н. С...... 34-42

ПРЕИМУЩЕСТВА ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ, НА ПРИМЕРЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА

Жакаева Г. К., Иметова Ж. К...... 42-46

THE USE OF CRITICAL THINKING IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

Zhandildinova A.M.
Zhanayeva Zh.A...... 46-50

THE INTEGRATION OF AI TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE INSTRUCTION: A CRITICAL ANALYSIS OF PROS AND CONS

Otyzbayeva K., Zarkesheva A...... 50-53

USING VIDEO MATERIALS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Ospanova F.A...... 53-57

ENHANCING LANGUAGE PROFICIENCY: APPROACHES TO TEACHING PHRASEOLOGY <i>Alzhanova A. Kerimbaeva K., Kemelbekova E.....</i>	57-61
МОТИВАЦИОННЫЙ ПРОФИЛЬ УЧЕНИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ <i>Балтынова А.Ш., Буркитбаева А.Г., Дуйшоналиева Б. Т.....</i>	62-65
SPEAKING THROUGH READING: MEDIA DISCOURSE AS THE RESOURCE FOR VARIOUS TOPICS <i>B.G. Smagulova</i>	66-70
MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ <i>Мусабаева Г.М.....</i>	71-74
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Нұрғалиева Ұ.С., Мұқанова С.Қ., Ниязбекова А.А.....</i>	74-78
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ: ОТ АНГЛИЙСКОГО КО ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ ГРУППАХ <i>А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Г.Ж. Нурбекова, Г.М. Жусупова</i>	78-81
ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМИЯЛЫҚ СИПАТЫ <i>Қызырова Ә.М., Нұрдыбаева А.К.....</i>	81-85
Section 2	
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ	
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ	
ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Бейсенбек Ж.</i>	85-90
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ <i>Ізбасар Н., Кеңес Д. Мухтарханова А. М.....</i>	90-92
THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON A MODERN FIRST-YEAR STUDENT <i>Загоруля О.Л., Бектрумова А., Ласкова А.....</i>	93-97
Technology Enhanced Language Learning: The Role of Artificial Intelligence <i>Sadykova A.K., Samoilova.K.I, Serzhanuly.Y.....</i>	97-101

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON STUDENT LEARNING <i>A. Serikpayeva, G. Bimuratova, Niyazbekova A.A.....</i>	101-107
FOOD WASTE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MITIGATION <i>Khaidar A., Zhumadi K., Otyzbayeva K.Zh.....</i>	107-109
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ <i>Мусабекова З.С., Имангалиева М.К.....</i>	110-115
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА <i>Маликов Н., Аубакирова А.К.....</i>	115-117
Section 3	
ТІЛДІК ЕМЕС ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ	
ПРЕПОДАВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА НЕЯЗЫКОВЫХ	
ФАКУЛЬТЕТАХ	
TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN NON LINGUISTIC FACULTIES	
МАТЕМАТИКА ЛОГИКАСЫ МЕН АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ <i>Сейдулла О.О, Буркитбаева А.Г.....</i>	118-121
English for Specific Purposes in the Higher Education System of Kazakhstan <i>Burkitbayeva D.K., Zhaksylykov A.Z., Ustelimova N.A.....</i>	121-128
MECHANICAL ENGINEERING AND VIRTUAL REALITY: ANALYZING AND IMPROVING THE CAR AERODYNAMICS. <i>Kumekov Nurassyl, Dyusengalieva A. A.....</i>	128-133
ENHACING SPECIALIZED ENGLISH LANGUAGE SKILLS FOR VARIOUS SECTORS OF TOURISM <i>Mukanova L.S., Tazhitova G.Z.....</i>	133-137
ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE INTERPRETATION OF AUTOCHTHONOUS TEXTS <i>Shakhputova Z.Kh., Aitmukhamedgali M.....</i>	138-143
THE ROLE OF CULTURALLY CONTEXTUALIZED ELT IN ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG KAZAKHSTANI LEARNERS <i>Shukirbayeva B.K., Kurmanayeva D.K.....</i>	143-150

ПРОБЛЕМЫ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЛИНГВИСТИЧЕСКИХ
ФАКУЛЬТЕТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Жомай Г.К...... 151-154

ВЫГОРАНИЕ И КУЛЬТ ПРОДУКТИВНОСТИ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО
КУРСА УНИВЕРСИТЕТА

*Загоруля О.Л., Берекетова Т., Жұмажан Ж., Бақыт Ә., Ашкенова
Д.*..... 154-158

Section 4

ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ

НЕПРЕРЫВНОЕ И МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ

LIFELONG AND MULTILINGUAL EDUCATION

THE IMAGE OF WOMEN IN KAZAKH LITERATURE: PAST AND PRESENT

Әмзе А., Баймұханбет Н., Мухтарханова А. М...... 158-163

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Закарина Қ., Казимова Г., Мухтарханова А. М...... 163-168

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ
ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ

Арғынбаева Ұ., Куралбаева А., Мухтарханова А. М...... 168-170

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ

Қонысбек Ж., Рахымбек Е., Мухтарханова А.М...... 171-174

АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Мұхтар А.Т., Мухтарханова А.М...... 175-178

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР

Пернебай Е., Мухтарханова А. М...... 178-182

АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІң АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ <i>Серикбол Ж., Мұратбек А., Мухтарханова А.М.</i>	182-186
--	---------

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІң АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ» <i>Шаукен Ә., Капбасова А., Мухтарханова А. М.</i>	186-190
--	---------

Section 5

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ

ОНЛАЙН И ГИБРИДНОЕ ЯЗЫКОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ONLINE AND HYBRID LANGUAGE EDUCATION

THE BENEFITS OF USAGE HYBRID EDUCATION FOR FOREIGN LANGUAGE <i>Alatay. N.Sh., Nurgaliyeva U. S.</i>	190-195
---	---------

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ <i>Шора А. Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	195-199
---	---------

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН SLANG СӨЗДЕРДІң ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ <i>Жолтан М., Қатарбай А., Тусупбекова М.Ж.</i>	199-206
---	---------

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІң ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ <i>Қуанышбек А.Б., Нұрдыбаева А.Қ.</i>	206-212
--	---------

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ <i>Ахмет Қ., Балхимбекова П.Ж.</i>	212-215
---	---------

<i>GAMIFICATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING: THE EFFECTIVENESS OF MOBILE APPLICATIONS IN INCREASING STUDENT MOTIVATION</i> <i>Zhamikhanova D.K., Mukushev D.G.</i>	216-220
--	---------

толуына әкеледі. Егер бұл үрдіс бақылаусыз қалса, болашақта қазақ тілі өз табиғи ерекшеліктерін жоғалтып, шұбарланған тілге айналуы ықтимал. Сондықтан, slang сөздеріне балама ұсыну, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту, қазақша сапалы контентті көбейту және тіл тазалығын насихаттау – тілімізді заман талабына сай жетілдірудің ең тиімді жолдары. Біз өз ана тілімізді сақтап, дамыта отырып, оны бүгінгі жастар үшін қызықты, тартымды әрі беделді етуіміз қажет. Осылайша, жаһандық мәдениеттен қол үзбей, өз тілімізді де байыта аламыз. Қазақ тілінің болашағы – біздің қолымызда. Тілдің дамуы мен сақталуы әрбір азаматтың жауапкершілігінде екенін есте сақтауымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://web.archive.org/web/20061001152913/http://wiredforbooks.org/stuartflexner/>
2. Ауғанбаева М., Мамаева Г. Б., Тусупбекова Г. А. Жастар тіліндегі сленгтер мен жаргондар//Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2024. – №. 2. – С. 31-41.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері/Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 212 б.
5. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 75 б.

ӘОЖ 81’373.46

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қуанышбек А.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана
Ғылыми жетекші: Нұрдыбаева А.Қ. п.ғ.м. аға оқытушы

Түйіндеме

Мақалада географияда қолданылатын терминдерге шолу жасалады. Ол әрбір терминге, оның тарихына және қалыптасуына қысқаша сипаттама береді.

Мақаланың негізгі мақсаты қос тілдегі география терминдерінің туындау жолдарын сипаттау және ағылшын тіліндегі заманауи география терминдерінің қазақ тіліне қалай енгенін түсіндіру болып табылады.

Мақала оқырмандарға, әсіресе география саласындағы студенттер мен зерттеушілерге осы терминдерді өз жұмыстары мен зерттеулерінде қарастыруға және қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: география, термин, тарихи даму, шет тілдері, жаһандану, технология

Abstract

The article reviews the terms used in geography. It provides a brief description of each term, its history and formation.

The main purpose of the article is to describe the ways in which bilingual geography terms have arisen and to explain how modern geography terms from English have entered the Kazakh language.

The article will allow readers, especially students and researchers in the field of geography, to consider and use these terms in their work and research.

Keywords: Geography, terminology, historical development, foreign languages, globalization, technology.

Аннотация

В статье представлен обзор терминов, используемых в географии. В нем дается краткое описание каждого термина, его история и формирование.

Основная цель статьи – описать происхождение двуязычных географических терминов и объяснить, как современные географические термины из английского языка проникли в казахский язык.

Статья предоставляет читателям, особенно студентам и исследователям в области географии, возможность рассмотреть и использовать эти термины в своей работе и исследованиях.

Ключевые слова: география, терминология, историческое развитие, иностранные языки, глобализация, технологии.

Кіріспе

Тіл – адамзат өркениетінің іргетасы болып табылатын маңызды құралдардың бірі. Кез келген ғылым саласының терминологиясы тарихи процестер мен мәдени ықпалдастықтың нәтижесінде қалыптасады. География ғылымының атауы да осы заңдылықтан тыс қалмай, ұзақ эволюциялық даму жолынан өтті. Қазіргі ағылшын тіліндегі "geography" терминінің қалыптасуы көне дәуірден бастау алып, әр кезеңде түрлі тілдік ықпалдарға ұшырады. Оның түп-тамыры ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінен бастау алып, кейін латын тілі арқылы таралып, орта ғасырларда француз және ағылшын тілдерінде орнықты [1].

Бұл ұғымның негізі көне грек тіліндегі γεωγραφία (geōgraphía) сөзіне барып тіреледі. Термин γῆ (*gē*, "жер") және γράφειν (*graphein*, "жазу", "баяндау") сөздерінің бірігуі арқылы "жерді сипаттау" деген мағынаға ие болды [2]. Бұл сөзді алғаш қолданған ғалымдардың бірі – б.з.д. III ғасырда өмір сүрген Эратосфен. Ол өз еңбектерінде Жердің өлшемдерін есептеп, картографияның негіздерін қалады. Кейіннен Клавдий Птолемей (б.з. II ғ.) географиялық білімдерді жүйелеп, координаталық тор енгізу арқылы ғылымның одан әрі дамуына ықпал етті [3].

Орта ғасырларда латын тілі ғылым мен білімнің негізгі тіліне айналғандықтан, geographia термині кеңінен қолданысқа енді. Бұл кезеңде географиялық білімнің жинақталуы және картографияның дамуы терминнің ғылым саласындағы маңызын арттырды. Латын тілінен кейін бұл ұғым француз тіліне еніп, géographie түрінде қолданылды [4]. XIV ғасырда алғашқы ағылшын жазбаларында кездесе бастағанымен, оның кең таралуы XV-XVI ғасырларда орын алған ұлы географиялық ашулар дәуірімен тығыз байланысты болды. Христофор Колумб, Фернан Магеллан, Васко да Гама сияқты теңізшілердің зерттеулері география ғылымының өзектілігін күшейтті, ал ағылшын картографтары мен зерттеушілері бұл терминді белсенді түрде қолдана бастады [5].

XVII ғасырда Ричард Хаклют географияға қатысты еңбектер жазып, бұл саладағы терминологияның дамуына аса ықпал етті [6]. Ал XVIII-XIX ғасырларда география дербес ғылым ретінде қалыптасып, оның физикалық, экономикалық және саяси бағыттары жүйеленді. Қазіргі таңда "geography" термині тек Жердің табиғи ерекшеліктерін зерттеумен шектелмей, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық және саяси үдерістерді талдауды қамтитын кешенді ғылым ретінде кеңінен қолданылады [7].

Ал заманауи ағылшын тіліндегі географиялық терминология үнемі өзгеріп, жаңа ұғымдармен толықтырылып келеді. Бұл үдеріс ғылыми-технологиялық прогрестің жеделдеуі, экологиялық өзгерістер, урбанизация және жаһандану ықпалымен тығыз байланысты. География кеңістіктік құрылымдар мен табиғи-әлеуметтік құбылыстарды зерттейтін ғылым ретінде жаңа ұғымдарды қабылдап, терминологиясын заман талабына сай бейімдеуге мәжбүр. Бұл өзгерістерге ғылыми жаңалықтар, технологиялық жетістіктер және қоғамдағы үдерістер тікелей ықпал етеді.

Бүгінде географиялық зерттеулер кеңістіктік деректерді өңдеу, геокеңістік технологияларды дамыту және Жерді қашықтан зондтау тәсілдерін қамтиды. Бұл салаларда қалыптасқан жаңа терминдер география ғылымының заманауи бағыттарын айқындайды[8]. Мысалы, *geospatial technology* – кеңістіктік ақпаратты жинау, өңдеу және талдауға арналған технологиялық әдістер жиынтығын білдірсе, *remote sensing* – спутниктік және әуе түсірілімдері негізінде алынған мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау тәсілдерін қамтыса, *Anthropocene* термині соңғы онжылдықтарда ғылыми қауымдастықта кеңінен қолданылып, адамзаттың Жер жүйелеріне тигізген әсерін сипаттаудың маңызды концепциясына айналып отыр[9]. Бұл ұғым жаңа геологиялық дәуір ретінде ұсынылып, адам әрекеттерінің ғаламдық экожүйелерге тигізген өзгерістерін кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Атмосферадағы көмірқышқыл газының көбеюі, биотүрліліктің күрт төмендеуі және антропогендік ландшафттардың қалыптасуы осы өзгерістердің негізгі көрсеткіштері ретінде қарастырылады[10].

Ғылыми пікірталастарда *anthropocene* басталу кезеңі ретінде бірнеше этап қарастырылады [11]. Кейбір зерттеушілер оның бастауын Индустриалды революциямен (XVIII ғ.) байланыстырса, басқалары оны атом дәуірінің басталуымен (1945 ж.) немесе Great Acceleration «Үлкен қарқын» кезеңімен (1950 жж.) сабақтастырады. География ғылымы тұрғысынан бұл ұғым кеңістіктік процестерді талдауда маңызды орын алады. Мысалы, антропогендік факторлардың әсерінен геохимиялық циклдардың өзгеруі, ауыл шаруашылығында азот пен фосфор айналымының бұзылуы, жаңа жасанды экожүйелердің (антропоценоздар) қалыптасуы және урбанизация мен инфрақұрылымдық дамудың табиғи орталарға ықпалы осы құбылыстардың бір бөлігі болып табылады[10].

Климаттық өзгерістер жөніндегі үкіметаралық топтың (IPCC, 2022) баяндамаларында *Anthropocene* әсерлері ретінде климаттық апаттардың жиілеуі, микропластиктердің топырақ пен су жүйелеріне сіңуі және ауыл шаруашылығы экожүйелерінің тозуы атап өтіледі. Осы тұрғыда географтар бұл ұғымды қоршаған орта өзгерістерін жүйелі түрде зерттеу, геосаяси тәуекелдерді бағалау және экологиялық саясатты жетілдіру үшін қолданады[12].

Климаттық өзгерістерге қатысты зерттеулердің дамуы жаңа экологиялық ұғымдардың пайда болуына негіз болды. «*Көміртегі ізі*» (*carbon footprint*) термині алғаш рет 1999 жылы қолданылып, 2000-жылдары кеңінен тарады. Оның негізі ресурстарды тұтыну мен қоршаған ортаға әсерді сандық бағалау мақсатында жасалған «*экологиялық із*» (*ecological footprint*) тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл ұғым қазіргі уақытта жеке адамдардан бастап, халықаралық корпорацияларға дейін көміртек шығарындыларын есептеуде пайдаланылады[13].

«*Климаттық бейімділік*» (*climate resilience*) термині 1970-жылдары ғылыми айналымға еніп, табиғи және әлеуметтік жүйелердің климаттық өзгерістерге бейімделу қабілетін сипаттауға бағытталды. 1992 жылы Рио-де-Жанейро конференциясынан кейін ол кең таралып, 2000-жылдары IPCC баяндамаларында климаттық тәуекелдерді басқару құралы ретінде жиі қолданыла бастады[14].

«*Жасыл инфрақұрылым*» (*green infrastructure*) ұғымы алғаш рет 1994 жылы қалалық кеңістіктердегі табиғи элементтердің сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылды. 2000-жылдары бұл термин тұрақты даму және экологиялық урбанистика салаларында маңыздылыққа ие болды[14].

Қалалардың қарқынды дамуы урбанистикалық кеңістіктерді тиімді басқару қажеттілігін тудырып, жаңа ұғымдардың қалыптасуына ықпал етті. «Ақылды қала» (*smart city*) термині алғаш рет 1990-жылдары цифрлық технологиялардың урбанистикалық жүйелерге ықпалын сипаттау мақсатында ұсынылды[13]. 2009 жылдан бастап IBM компаниясының «Smarter Planet» бастамасы аясында бұл концепция жаһандық деңгейде кеңінен қолданыла бастады.

«Қалалық кеңістіктің ретсіз дамуы» (*urban sprawl*) ұғымы 1937 жылы енгізіліп, 1950–1960 жылдары АҚШ-та қала маңы аймақтарының хаостық өсуіне байланысты кеңінен тарады[14]. Қазіргі уақытта бұл термин ретсіз урбанизация процестерін зерттеуде маңызды рөл атқарады[16].

«Көлікке негізделген қала құрылысы» (*TOD*) моделі 1993 жылы урбанист Петер Калторп тарапынан ұсынылды[14]. «Жаяу жүргіншілерге қолайлы орта» (*walkability*) ұғымы 1980-жылдары қалалардың адамға ыңғайлылығын арттыру мақсатында пайда болды, ал «15 минуттық қала» концепциясын 2016 жылы Карлос Морено ұсынды, кейіннен ол COVID-19 пандемиясы кезінде ерекше өзектілікке ие болды[13].

Қазіргі экономикалық және саяси үдерістер жаңа геосаяси терминологияның дамуына ықпал етті. «Геоэкономика» (*geoeconomics*) терминін алғаш рет 1990 жылы Эдуард Люттвак енгізіп, экономикалық құралдардың геосаяси мүдделерге әсерін зерттеуге бағыттады. Бұл ұғым әсіресе Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасының аясында кеңінен қолданылуда[16].

Географиялық зерттеулердегі әдіснамалық жаңашылдықтар цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. «Цифрлық география» (*digital geography*) 2000-жылдары геоақпараттық жүйелердің кеңінен қолданыла бастауымен қалыптасты. «Үлкен деректер географиясы» (*big data geography*) термині 2010-жылдары кеңістіктік деректерді жинау және талдау тәсілдерінің дамуымен қатар пайда болды[16].

«Геокеңістік жасанды интеллекті» (*GeoAI*) ұғымы 2010-жылдары жасанды интеллект әдістерінің географиялық зерттеулерде қолданыла бастауымен байланысты енгізілді. Бұл технология климаттық болжамдар жасау, урбанизация үрдістерін талдау және экожүйелік өзгерістерді модельдеуде маңызды[14],[16].

Ал Қазақ тіліндегі географиялық терминологияның дамуы тарихи, мәдени және ғылыми өзгерістермен тығыз байланысты. Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар, ал жаһандану мен технологиялық прогресс бұл процесті айтарлықтай жылдамдатты[17].

Кеңестік дәуірге дейін қазақ тіліндегі географиялық терминология ұлттық танымымызбен мен көшпелі мәдениетімізбен байланысты болды. Негізгі ұғымдар түркі халықтарының тілдік дәстүрінен тамыр алып, табиғи нысандарды сипаттау үшін "жер" (топография), "су" (гидрография), "тау" (орография) сияқты түбірлі сөздер қолданылды. Сондай-ақ, араб және парсы тілдерінің ықпалымен "аспан" (метеорология), "ұлтақ" (ойпат), "қырат" (плато) тәрізді терминдер қалыптасты [17],[18].

Бұл кезеңде батыстық ғылыми терминология қазақ тіліне тікелей аударылмады, себебі білім беру жүйесі діни медреселерге негізделіп, ғылыми түсініктер дәстүрлі дүниетаным аясында қарастырылды. Көшпенділердің табиғатпен өзара әрекеттестігі арқылы географиялық білім негізінен экологиялық тәжірибеге сүйенді. Мысалы, "жайлау" мен "қыстау" ұғымдары табиғи ортадағы маусымдық өзгерістерді сипаттауға бағытталды[18].

Кеңес Одағы кезеңінде жүргізілген тіл саясатының нәтижесінде орыс тілі ғылыми қарым-қатынастың негізгі құралына айналды. Географиялық терминология қазақ тіліне бірнеше саты арқылы енгізілді: алдымен ағылшын тіліндегі атаулар орысшаға аударылып, содан кейін ғана қазақ тіліне бейімделді. Мысалы, "equator" сөзі алдымен "экватор" болып орысшаға еніп, кейін қазақ тіліне өзгеріссіз қабылданды. Сондай-ақ, калькирлеу әдісі кеңінен қолданылды, нәтижесінде "атмосфера" (*atmosphere*) және "меридиан" (*meridian*) сынды терминдер тікелей аударылып, ғылыми сөздікке енді[17],[19].

1930–1940 жылдары қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді жүйелеу үшін "Ғылыми терминология комиссиясы" құрылып, оны С. Сәдуақасов басқарды. Бұл комиссия "топография", "климатология" сияқты терминдерді ресми бекітті. Дегенмен, көптеген ғылыми ұғымдар орыс тіліндегі нұсқасында қалды. Мысалы, "сырьё" терминінің орнына "шикізат" сөзі енгізілгенімен, ғылыми дискурс сол кезеңдегі лингвистикалық саясатқа тәуелді болып қала берді[17].

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін ғылыми терминологияны дамыту және жүйелеу мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылды. 1993 жылы Ұлттық терминологиялық комиссия құрылып, ал 1997 жылы «Тіл туралы» заң қабылданды. Осы кезеңде жаңа ұғымдарды қазақ тіліне бейімдеудің бірнеше әдістері қолданылды. Біріншіден, халықаралық терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдау кең тарады. Мысалы, *computer* сөзі өзгеріссіз «*компьютер*» түрінде қолданылды. Екіншіден, кейбір терминдер мағыналық аударма арқылы енгізілді. Мысалы, *globalization* сөзі «*жаһандану*» деп аударылды. Үшіншіден, түркі тілдеріндегі сөздер негізінде жаңа терминдер жасауға талпыныс болды, бұл әсіресе «экология» ұғымын «табиғаттану» деп ауыстыру секілді мысалдардан көрінді [13],[17],[19].

Алайда, кеңестік кезеңнен қалған ғылыми мұра бірден ығыстырылған жоқ. Бұған бірнеше себеп әсер етті. Біріншіден, Кеңес дәуірінде қалыптасқан оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер әлі де қолданылып келді. Екіншіден, ТМД елдерімен тығыз экономикалық және ғылыми байланыстардың сақталуы орыс тіліндегі терминдердің кеңінен пайдаланылуына ықпал етті[17]. Осылайша, қазақ тіліндегі терминологиялық жүйені қалыптастыру барысында батыстық, түркілік және орыс тілі арқылы енген терминдердің араласуы орын алды.

Ғылыми-техникалық прогресс пен жаһанданудың ықпалымен ағылшын тіліндегі географиялық терминдердің қазақ тіліне енуі жедел белең алғанын атап өттік. Алайда бұл үрдіс барысында терминдерді бейімдеуде мағыналық сәйкессіздіктер, синонимдік қатарлардың түзілуі, қысқартуларды аудару қиындықтары және олардың стандартталуы сияқты мәселелер туындауда[20].

Оған мысал Географиялық терминдерді қазақ тіліне аудару кезінде әртүрлі нұсқалардың қолданылуы бірізділіктің сақталмауына әкеліп, ғылыми ортада түсініспеушіліктер тудырып жатады. Белгілі бір терминнің бірнеше аударма нұсқасы болуы оның тұрақты қалыптасуына кедергі келтіреді[20].

Мысалы, *Sustainable development* термині кейбір еңбектерде «*тұрақты даму*» деп аударылса, басқа дереккөздерде «*ұзақ мерзімді даму*» немесе «*үдемелі даму*» түрінде беріледі. Сол сияқты, Geospatial data ұғымы «*геокеңістіктік деректер*», «*кеңістіктік мәліметтер*» немесе «*кеңістіктік деректер*» деп түрліше қолданылып жүр[14]. Осыған ұқсас жағдайлар Greenhouse effect («*парниктік әсер*», «*жылыжай эффектісі*»), Biodiversity («*биоалуантүрлілік*», «*биологиялық әртүрлілік*»), Urban planning («*қалалық жоспарлау*», «*урбанистикалық жоспарлау*»), Land degradation («*жердің тозуы*», «*топырақтың деградациясы*») терминдерінде де кездеседі. Сондай-ақ, Natural disaster бір еңбектерде «*табиғи апат*» деп берілсе, басқа дереккөздерде «*табиғи зілзала*» немесе «*табиғи катастрофа*» түрінде қолданылады. Deforestation термині де бірізді аудармасы жоқ ұғымдардың қатарына жатады: ол бірде «*ормансыздану*», енді бірде «*орманның жойылуы*» немесе «*ағаштардың жаппай кесілуі*» деп беріледі[14],[19].

Сонымен қатар қысқартылған терминдерді бейімдеу кезінде әртүрлі әдістер қолданылатынын да байқауға болады. Кейбір қысқарған атаулар толық аударылып, қазақша баламалары жасалса, ал басқалары түпнұсқа түрінде немесе транслитерация арқылы қолданылады[20]. Мысалы, UAV (*Unmanned Aerial Vehicle*) қазақ тілінде *ҰШҚ* (*Ұшқышсыз ұшу құрылғысы*) деп аударылады, GIS (*Geographic Information System*) – *ГАЗ* (*Геоақпараттық жүйе*) болып қолданылады[19].

Кейбір терминдер аударылмай, түпнұсқа күйінде қалады: *IT* (*Information Technology*) – *IT-технологиялар*, *VPN* (*Virtual Private Network*) – *VPN желісі*, *AI* (*Artificial Intelligence*) –

AI (Жасанды интеллект). Сонымен қатар, аударма мен түпнұсқаны біріктіретін нұсқалар да бар, мысалы, LIDAR (Light Detection and Ranging) – LIDAR-сканерлеу, GPS (Global Positioning System) – GPS-құрылғы[19].

Қазақ тіліне ғылыми терминдерді бейімдеу барысында калькалау мен мағыналық аударма әдістерінің айырмашылығын дұрыс айқындау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Кейбір терминдерді сөзбе-сөз аудару олардың түпкі мәнін дәл жеткізе алмайды, сондықтан сипаттамалық немесе түсіндірмелі аударма тәсілдері жиі қолданылады. Бұл терминнің мазмұнын барынша нақты беруге мүмкіндік береді[22].

Мысалы, *Climate resilience* ұғымы *климаттың тұрақтылығы* немесе *климатқа бейімделу қабілеті* деп аударылса, ал *Remote sensing* – *қашықтан зерттеу* немесе *қашықтықтан бақылау* түрінде беріледі. Мұндай аудармалар терминнің мағынасын түсінікті әрі дұрыс жеткізуге бағытталған[14],[19].

Қазақстанда ғылыми терминдерді жүйелеу және бекіту жұмыстарын Терминологиялық комиссия, Қазақ тілі академиясы және Ғылым және жоғары білім министрлігі жүргізеді. Бұл мекемелер жаңа терминдерді енгізумен қатар, олардың қолданысын реттеумен де айналысады. Алайда, ресми бекітілген нұсқалар мен шынайы ғылыми қолданыс арасында айырмашылықтар жиі кездеседі. Бұл жағдай бір терминнің бірнеше нұсқада қолданылуына әкеліп, бірізділікті сақтауды қиындатады. Осы себепті, ғылыми терминдерді стандарттау мен жүйелеу аса өзектілікке ие[23].

Ағылшын тіліндегі географиялық терминдерді қазақ тіліне бейімдеу – тарихи, мәдени және ғылыми ықпалдастықтың күрделі үдерісі. Алайда, бұл процесте бірізділіктің сақталмауы ғылыми коммуникацияда түсініспеушіліктер тудырып, терминологияны жүйелеу қажеттілігін алға тартуда. Бір ұғымның бірнеше түрлі аударма нұсқаларының қатар қолданылуы білім беру мен зерттеу салаларында қиындықтар туғызуда[20].

Қазіргі аударма тәжірибесінде калька, транслитерация және мағыналық бейімдеу әдістері қолданылғанымен, олардың стандартталмауы ғылыми тілдің тұрақтылығына кері әсер етуде. Бұл мәселені шешу үшін терминдерді бекітетін және үйлестіретін мекемелер мен ғылыми қауымдастық арасында тығыз байланыс орнатып, бірыңғай терминологиялық база құру қажет.

Ғылыми терминологияны жүйелі түрде қалыптастыру – тек ұлттық ғылымның дамуына ғана емес, оның жаһандық ғылыми кеңістікке үйлесімді кірігуіне де ықпал ететін маңызды қадам

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәрсенов Т.С. **География ғылымының негіздері.** – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Птолемей К. **География.** – Санкт-Петербург: Географгиз, 1954.
3. Әбілмажинова С.Ә. **Жертану негіздері және географиялық зерттеулер әдістемесі.** – Алматы: Қазақ университеті, 2023.
4. Migne, J.P. (Ed.). *Patrologia Latina (1844-1855)*
5. **Fernández-Armesto, F.** *Columbus and the Conquest of the Impossible.* – London: Phoenix Press, 2000.
6. **Hakluyt, R.** *The Principal Navigations, Voyages, Traffiques and Discoveries of the English Nation (1598–1600).* – Лондон: Элизабет дәуірінің бастапқы басылымдары; қазіргі басылым: Penguin Classics, 1987.
7. **Martin, G.J.** *All Possible Worlds: A History of Geographical Ideas.* – Oxford University Press, 2005.
8. **Holt-Jensen, A.** *Geography: History and Concepts.* – SAGE Publications, 2018.
9. **Johnston, R.J. (Ed.)** *The Dictionary of Human Geography.* – Wiley-Blackwell, 2000.
10. **Crutzen, P. J., & Stoermer, E. F.** The "Anthropocene". *Global Change Newsletter, 2000*

11. **Steffen, W., Broadgate, W., Deutsch, L., Gaffney, O., & Ludwig, C.** The trajectory of the Anthropocene: The Great Acceleration. *The Anthropocene Review*, 2015.
12. **IPCC (Intergovernmental Panel on Climate Change).** *Climate Change 2022: Impacts, Adaptation, and Vulnerability*. Cambridge University Press. 2022.
13. **Dictionary of Earth Sciences.** *Oxford University Press*. 2013.
14. **Oxford Dictionary of Science.** *Oxford University Press*. 2017.
15. **Allaby, M.** *A Dictionary of Ecology*. Oxford University Press, 2010.
16. **Allaby, M.** *A Dictionary of Geography*. Oxford University Press, 2020.
17. **Исаев, С.** *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. – Алматы: Ана тілі, 1996.
18. **"Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі"**. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
19. **"География терминдерінің сөздігі"** / Құраст. С. Сауранбаев. – Алматы: Мектеп, 2002.
20. **Смағұлова, Г.** *Қазақ аударматану ғылымының негіздері*. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
21. **Нұрдыбаева А.Қ.** Ағылшын тіліндегі көпмағыналы банк терминдерінің пайда болу тарихы 36-39 бб. «Science and education in the modern world: Challenges of the XXI century» атты XIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы Филология ғылымдары 2-том. 27-31 мамыр Астана, 2023 ж
22. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36278708&utm_source=chatgpt.com&pos=3;-106-pos=3;-106

ӘОЖ 183.111

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ

Ахмет Қарақат Қанатбайқызы
Жетекші: *Балхимбекова П.Ж.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Түйіндеме: Бұл баяндамада технологиялар арқылы тіл үйретудің артықшылықтары мен тиімділігі ғылыми дереккөздер негізінде талқыланды. Цифрлық технологиялар, мобильді қосымшалар, виртуалды шындық және жасанды интеллект тілді меңгеру процесін жақсартады. Зерттеулер нәтижелері де бұл әдістердің жоғары тиімділігін дәлелдейді. Тақырыпты өзі жеткізіп тұрғандай түрлі пайдалы технологиялар көмегімен тіл үйрену туралы сөз қозғайды.

Түйін сөздер: Тіл үйрену, технология, онлайн оқыту, мобильді қосымшалар, жасанды интеллект, виртуалды шындық, интерактивті оқыту

Кіріспе

Қазіргі заманғы технологиялар білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізді, әсіресе шет тілдерін үйретуде цифрлық технологиялардың ықпалы артып келеді. Компьютерлік бағдарламалар, мобильді қосымшалар, онлайн курстар және жасанды интеллект негізіндегі құралдар тіл үйрену үдерісін тиімді әрі қолжетімді етуде. Бұл баяндамада технологиялардың тіл үйренуге тигізетін әсері ғылыми дереккөздер негізінде қарастырылады. Ендеше, технологиялардың тіл үйренудегі маңызын